

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Тақырыбы: “Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары. XXҒ
әлеуметтану”

Орындаған: Бейсенова А

Тексерген: Аралбаев С

Жоспар

Кіріспе

Әлеуметтанудың қалыптасуының негізгі кезеңдері.

Негізгі бөлі

О. Конт әлеуметтанудың негізін салушы.

Г. Спенсер және эволюцияның натуралистік концепциясы.

Э. Дюркгеймнің әлеуметтануы.

М. Вебердің әлеуметтануы.

Т. Парсонстың әлеуметтануы .

П. Сорокиннің әлеуметтануы.

Қорытынды

XX ғасырдағы қазақ әлеуметтанушылары.

О. Конт жалпы қоғамның дамуын адамдардың Әлеуметтану XIX ғасырдың 30 -40 жылдары өз алдына дербес ғылым болып қалыптасты. Оның негізін салушы француз оқымыстысы Огюст Конт (1798 – 1857 ж.ж.) болды. Оның әлеуметтану тұжырымдамасының негізінде қоғам дамуының сатыларға жіктелуі туралы идея жатыр.

О. Конттың тұжырымдамасы бойынша, әрбір қоғамды ақыл – сана, жалпы идея басқарады деген идеалистік ой жатыр. Сондықтан интеллектуальды ақыл – ойының, санасының бір ізділікпен дәйекті дамуының үш кезеңі, яғни теологиялық, метафизикалық және позитивистік сатыларын тұжырымдау арқылы түсіндіреді.

Бірінші, яғни теологиялық сатыда адам қандай да бір құбылыс, процесс, зат болмасын, оларды діни тұрғыдан түсіндіруге тырысты, оларға табиғат пен өмірге байланысы жоқ ғажайып, абстрактілі ұғымдарды қолданады.

Екінші, яғни метафизикалық сатыда адам табиғаттан, өмірден тыс абстрактілі ұғымдардан бас тартты, ендігі жерде құбылыстарды, процесс олардың мәні мен себебін философиялық абстракциялық ұғымдардың негізінде түсіндіруге тырысты. Бұл кезеңнің басты қызметі – ол қандай да бір затты, құбылысты, процесті алмайық, оларды сын тұрғысынан өткізіп қарауды қажет етеді. Сөйтіп екінші кезең адамның интеллектуалды дамуының ғылыми түрін, яғни позитивизмді дайындады.

Үшінші, яғни позитивистік кезеңде адам құбылыс, процестердің, заттардың абстрактылы мәндері мен мазмұндарынан, себептерінен бас тартады. Ол тек қана құбылыстарды бақылап, олардың арасындағы тұрақты байланыс пен қатынастарды белгілеп отырады.

О. Конттың ой – пікірлерін, идеясын одан әрі дамытқан ағылшын әлеуметтанушысы Герберт Спенсер (1820 – 1903 ж.ж.) болды . Г. Спенсердің әлеуметтану теориясы негізгі екі мәселеден тұрады. Бұл екі ой – пікір, идея Ч. Дарвиннің биологиялық түрлердің пайда болу теориясының негізінде пайда болған.

- 1) Қоғамды биологиялық организм ретінде қарау;
- 2) Әлеуметтік эволюция идеясы.

Адам қоғамы тірі организмге ұқсас, сондықтан оған биологиялық заңдар тән. Ч. Дарвиннің биологиялық заңына сәйкес табиғаттағы жыртқыш жануарлардың тіршілік үшін күрес заңына қоғамдағы таптардың күресі ұқсас. Г. Спенсер тірі организмдердің жүйке жүйесін мемлекеттік басқару мекемелерінің қызметімен теңестіреді. Г. Спенсер қоғам мен организм арасында кейбір ерекшеліктер туралы ой – пікір қозғады. Мысалы, қоғамдағы адам (индивид) қоғамнан біршама тәуелсіз тұрады, ал организмнің бөліктері мен элементтері оның тұтастығын құрайды, оған тәуелді. Қоғамда, керсінше, тұтастық өзінің бөліктерінің, игілігі үшін өмір сүреді. Г. Спенсердің бұл ойлары қоғамды бір жүйе деп қарауға мүмкіндік беретіндей жол ашты.

Г. Спенсердің қоғамды организммен теңестіруі қоғамды іштей үш жүйелес салаға бөлуге әкеледі. Олар:

- 1) қолдаушы.
- 2) материалдық игілікті өндеу көзіне (экономикаға).
- 3) қоғамның жеке бөліктерінің арасындағы байланыс, қатынастарды анықтау, қоғамдағы еңбектің бөлінуін реттеп тұрушы және жеке бөліктердің тұтасқа бағынуын реттеу (мемлекеттік өкімет) болады.

Г. Спенсер қоғамның әлеуметтік құрылымын талдай келе, әлеуметтік институттардың 6 тұрпатын атап көрсеткен. Оларға туыстық, білім, саяси, шіркеу, кәсіби және өндірістік тұрпаттар жатады. Өзінің еңбектерінде (социология как предмет изучения).

Г. Спенсер әлеуметтанушылардың ішінен бірінші болып, осы ғылымға жаңа ұғым, терминдерді қосты. Олар: әлеуметтік жүйе, әлеуметтік институт, әлеуметтік бақылау.

Әлеуметтанудың классикалық негізін салушылардың ірі өкілінің бірі, әрі өте беделдісі – **Эмиль Дюркгейм (1858 – 1917 ж. ж.)**. Қазіргі әлеуметтану көбіне Э. Дюркгеймнің классикалық мұрасына сүйенеді. Ежелгі қоғамдар өміріне үңіле отырып және этнографиялық материалдардың негізінде Э. Дюркгейм діннің ерекше әлеуметтік тұжырымын да жасады. Ол дінді қоғамның өзі, қоғам барлық қиеліктің, қасиеттіліктің шығатын көзі деп есептеді. Осыған орай әлеуметтік бірлікте дін шешуші рөл атқарады. Қоғам дінсіз өмір сүре алмайды. Дін қоғамдағы ең құнды, бағалы қасиеттерді бейнелейді.

Макс Вебер (1864 – 1920 ж.ж.) – батыстың ірі әлеуметтанушысы. Қазіргі әлеуметтану ғылымы М. Вебердің ой – тұжырымдарымен көп санасады. М. Вебердің әлеуметтану теориясы позитивистік теорияға қарсы шығу кезеңінде пайда болды. Позитивизмге қарсы шығу дәуірінде ол әлеуметтанудың өзгешелігін жақтай отырып, адам іс - әрекетін, қимылын «түсіну, ұғыну» теориясын қалыптастырады.

М. Вебер әлеуметтік стратификация теориясының негізін салды. Веберлік әлеуметтік стратификацияның өлшемі бойынша жалғыз ғана экономикалық факторлар, яғни меншік формасына ғана емес, сонымен бірге оған саяси және статус, престиж (қадір, бедел, мәртебе), өлшемдері қолданылады. Осыған сәйкес әлеуметтік стратификация теориясы көп өлшемді болуы мүмкін деп тұжырымдайды.

Талкон Парсонстың (1902 – 1979 ж.ж.) көп еңбектерінің ішінде біз оның екі негізгі еңбегін, яғни әлеуметтік іс - әрекет, қимыл және құрылымды функциональды талдау. Бұлардың қысқаша мазмұны мен мәні мынандай. Қандай да бір әлеуметтік іс - әрекет, қимылдың болуында қажетті шарттар бар. Әрекет қимыл, біріншіден, оны жүргізетін адамды, екіншіден, нақты жағдайды, үшінші мақсатпен белгілі бір заң нормаларына сүйенген шартты жағдайларды қажет етеді.

Белгілі әлеуметтанушы Пителирим Соролкин (1889 – 1968 жж.) 1922 жылға дейін Ресейде тұрып, кейін Батыс Еуропа елдеріне эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. АҚШ – та қызмет ете жүріп, эмпирикалық әлеуметтанудың зерттеу тақырыптары үлкен әлеуметтік мәселелерді қамти алмағаның байқап, оны өткір сынға алды. Ол әлеуметтік статификация, яғни қоғамда топқа, жікке бөліну және әлеуметтік мобильдік (қозғалу, ауысу) мәселелеріне эмпирикалық зерттеу жүргізе отырып, бұларды әлеуметтік ірі мәселелермен, мысалы қоғамның әлеуметтік құрылымы мен тығыз байланыстырды.

тұжырымдамасын жасап, дүниені жүзіндегі өзгерістердің болшағын түсіндірді. Оның бұл жөнінде екі тұжырымдамасы болды. Олардың **біріншісі**, әлеуметтік – мәдени динамика, **екіншісі**, - қоғамның тұтастық тұрпаты. Бірінші тұжырымдамасына қандай да бір тарихи өзгеріс болмасын, оны мәдени типердің дамуы ретінде қарады. Ал, мұндағы әрбір мәдени тип бір бүтін ерекше құбылыс ретінде көрінеді. П. Сорокиннің пікірінше, осындай негізгі топтардың үш түрі болады. Олар: сезімдік, ақыл – парасаттық, идеалистік. Біріншісінде нақты дүниені тікелей сезімдер арқылы қабылдау, **екіншісінде**, ақал – парасатқа, ақылға жеңдіру арқылы, үшіншісінде интуицияның басым болу арқылы іске асырлады.

Қазақ халқы ұлттық мәдениетінің тарихына жаңа жол ашушы бір топ ұлы ойшылар мен прогрессивті ағартушылар, қоғамдық – саяси қайраткерлері шықты. Олардың қатарында Шоқан Уалиханов (1835 – 1865 ж. ж.) Ыбырай Алтынсарин (1841 – 1889 ж.ж.), Абай Құнанбаев (1845 – 1904 ж.ж.) сияқты қоғамдық – саяси қайраткерлер, Әлихан Бөкейханов (1870 – 1937 ж.ж.), Ахмет Байтұрсынов (1873 – 1937 ж.ж.), т.б. оқымыстылар болды.

Шоқан Уәлиханов әлеуметтік ғылыми көзқарастары, оның демократиялық, гуманистік ой – пікірлері Петербургте және Сібір Кадет корпусында оқып жүргенде, сонымен бірге сол кездегі орыстың ұлы демократиялық өкілдерінің шығармаларын оқып, олардың кейбіреулерімен жақындасып, кездесіп, араласып жүргенде қалыптасты. Ол қазақты орыс мәдениетіне жақындату, орыс ғылымына үйрету идеясын жақтаған адам.

Ы. Алтынсарин Қазақстанның Ресейге толық қосылып, кең қазақ даласын игеру мәселесі міндет етіп қойылған дәуірде өмір сүрді. Ыбырай Алтынсарин өз халқын орыстың озық мәдениетіне жеткізудің ынталы жақтаушысы. . Сауатсыз, білімсіз адамдар – қараңғылықта адасушы, көзі жоқ соқыр, ақылы жоқ надан, деп жазды Ы. Алтынсарин. Нағыз адамдар – ғылымды игеріп, біліммен қаруланған, дүниенің игілігін пайдалана білетін кісілер. Ғылым адамды надандықтың түнегінен шығарады, оның ой өрісін шексіз кеңейтеді.

Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей – ақ табылар –

деп жазды Алтынсарин.

Ы. Алтынсаринның түсінігі бойынша, білім дегеніміз, төңіректегі ақиқатты тану.

Қазақ халқының ұлы ақын және ұлы ойшылы **Абай Құнанбайұлының** ағартушылық қызметі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басынла өтті.

Абай әлеуметтанудан арнаулы еңбектер жазбағанымен шығармаларында алуан түрлі әлеуметтік мәселелерді қозғап отырған. Өзінен бұрын және кейін өмір сүрген ақын – ойшылдармен салыстырғанда Абай қоғамдық құбылыстардың даму қағидалары туралы, оларды басқару, қоғамның құрылымы, адам, тарихтағы бұқара халықтың және тұлғаның қалыптасуы, оның жоғары әлеуметтік – моральдық қасиеттері туралы терең ой қозғады.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан аса ірі қоғам және саясат қайраткері, оқымысты, жазушы, Петербург массондарының мүшесі. Ол Ресейдің I Думасының депутаты. «Алаш» қозғалысын ұйымдастырушы, әрі «Алаш» партиясының көшбасшысы, ұлттық «Алаш Орда» үкіметінің төрағасы, т.б. саяси - әлеуметтік қызметтер атқарады.

Ә. Бөкейхан басқарған Қазақ кадеттерінің бағдарламалық міндеттері көптеген мәселе бойынша орыс кадеттерінен айырмашылықтары болды. Біріншіден, Ә. Бөкейхан қоғамдық - әлеуметтік қатынастарға түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етті, екіншіден, ол ұлттық мәселелерді шешуде де әлдеқайда терең ойлап ілгері кетті.

Қолданылған әдебиеттер

1. Аитов Н.А., Биекенов К.У. «Социология» Алматы: Қазақ университеті, 2002.
2. Тажин М., Аяган Б. «Социология негіздері» Алматы, 1992.
3. Әбсаттаров Р.Б., Дакенов Н. «Әлеуметтану» Алматы: Ғылым, 2004.

***Зейін қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!***